

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

Түркістан қаласы

20.10. 2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал- аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал- түлек Маматжанов Шукуржан Нематжанұлы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру
2. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

ТЫНДАЛДЫ:

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қазан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау мәселесін қарастырамыз.

АК мүшесі, академиялық персонал- К.И.Усманов сөз алып: Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу керектігін атап өтті. Математика және статистика бағыты бойынша есептер бірге қамтылатындығын атап өтті. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламалары бойынша барлық жетістіктерімізді көрсету керектігін ескертті.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Құрметті АК мүшелері Магистратура деңгейіндегі ББ

Ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін және кейбір таңдау компонентіндегі пәндерді қайта талқылаудан өткізіп, қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.


Шешім: Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ ішкі аудиттың ескертулерін түзету шаралары жүзеге асырылсын, бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалып, атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов